

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 1 тармағына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымша сәйкес Лисаков қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

В. Радченко

Қала әкімдігінің
2010 жылғы 5 қаңтардағы
№ 1 қаулысына қосымша

Лисаков қаласы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі

1. "Білім алуына байланысты шығыстарын ішінара өтеу үшін студенттер қатарындағы жастарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 1600 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2007 жылдың 20 қыркүйегінде № 9-4-95 болып тіркелген, 2007 жылғы 20 қыркүйектегі № 38 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

2. "Мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 26 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 5 ақпанда № 9-4-135 болып тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпандағы № 7 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

3. Мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 26 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 402 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 19 тамызында № 9-4-150 болып тіркелген, 2009 жылғы 20 тамыздағы 34 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

4. "2009 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 25 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 18 ақпанында № 9-4-137 болып тіркелген, 2009 жылғы 26 ақпандағы № 9 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

5. "2009 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың

тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 25 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 357 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 8 шілдесінде № 9-4-147 болып тіркелген, 2009 жылғы 16 шілдедегі № 29 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

6. "2009 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы №25 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қазандағы № 545 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 30 қазанында № 9-4-152 болып тіркелген, 2009 жылғы 5 қарашадағы № 45 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

7. "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 52 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 2 наурызында № 9-4-138 болып тіркелген, 2009 жылғы 5 наурыздағы № 10 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

8. "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 52 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 270 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 10 маусымында № 9-4-145 болып тіркелген, 2009 жылғы 18 маусымдағы № 25 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған);

9. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 269 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 25 мамырында № 9-4-142 болып тіркелген, 2009 жылғы 4 маусымдағы № 23 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған).